

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ФАРИЗА МЕКТЕБІ

6-БЕТ | БІЛІМ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

АЛДАҒЫ ЖЫЛ ШЫН МӘНІНДЕ ҮЛКЕН БЕТБҰРЫС ЖЫЛЫ БОЛАДЫ. ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ КЕЙІНІРЕК ЖАРИЯЛАП АЙТАМЫН. БӘРІМІЗДІҢ МАҚСАТ-МҮДДЕМІЗ – ОРТАҚ. БҰЛ – ӘДІЛЕТТІ, ҚАУІПСІЗ, КҮШТІ ЖӘНЕ ТАЗА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ. ЕҢ БАСТЫСЫ, ЕЛІМІЗДІҢ ЫНТЫМАҚ-БІРЛІГІ МЫҚТЫ БОЛУЫ КЕРЕК. МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ БІРЛЕСІП, ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА ЖҰМЫС ІСТЕУІ ҚАЖЕТ. БІР ЕЛ, БІР ХАЛЫҚ БОЛЫП, ЖҰМЫЛА БІЛСЕК, МІНДЕТТІ ТҮРДЕ МАҚСАТЫМЫЗҒА ЖЕТЕМІЗ.

№153
(4897)
Сенбі
27 желтоқсан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ – ХАЛЫҚ ҚАһАРМАНЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойды.

«Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін Ұлы Отан соғысына қатысушы Бауыржан Момышұлына (марқұм) «Халық қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын» делінген Жарлық мәтінінде.

«Кеше Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толды. Даңқты қолбасшының нағыз ерлік жолы елімізбен қатар, шетелдерде өте танымал. Халқымыз оны қаһарман тұлға ретінде құрмет тұтады. Бірақ әйгілі батырға ресми түрде «Халық қаһарманы» атағы берілмеген. Облыс жұртшылығы, зиялы қауым өкілдері, тіпті, жастарымыз да осы мәселені көтеріп жүргенін біледі. Тарихи әділдікті қалпына келтіруіміз керек. Сондықтан мен Мемлекет басшысы ретінде Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» атағын беру туралы шешім қабылдадым» деді Президент.



ШЫРША МЕРЕКЕСІНІҢ ШАТТЫҒЫ

Елордада екі күн қатарынан Президенттік жаңажылдық шырша мерекесі ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шараларға ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ерекше білім беру қажеттілігі бар, көпбалалы және аз қамтылған отбасындағы балалар, сондай-ақ озат оқушылар шақырылды.

ЕЛГЕ ЕЛ ҚОСЫЛСА – ҚҰТ

2025 жылда 14 828 этникалық қазақ тарихи Отанымен табысып, қандас мәртебесін алды.

«2025 жылдың басынан бері Қазақстанға келген қандастардың 44,5%-ы Өзбекстаннан, 43,6% – Қытайдан, 4,1% – Түрікменстаннан, 3% – Моңғолиядан, 2,5% – Ресейден және 2,3 басқа елдерден. Осы жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 57,4%-ды, еңбекке қабілетті жастан кіші 34%-ды және зейнеткерлер 8,6%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 15%-ы жоғары білімді, 27,6%-ы орта кәсіби білімді, 51,1%-ы жалпы орта білімді және 6,3% білімі жоқ. Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды» делінген министрліктің хабарламасында. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 162,9 мың этникалық қазақ оралды, деп хабарлады Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» ЖАУАП БЕРДІ

Астанада «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылып келе жатқан «Халық заңгері» акциясы жетінші рет өтті.

Акция аясында Астананың барлық аудандарында арнайы алаңдар ұйымдастырылып, тұрғындарға құқықтық мәселелер бойынша жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жылдың соңғы «Халық заңгері» акциясы Сарыарқа аудандық прокуратурасының ұйымдастыруымен өтті.

Аталған іс-шараға 18 мемлекеттік органның өкілдері қатысып, 100-ден астам тұрғынның сұрағына нақты жауап берілді.

26-31 ЖЕЛТОҚСАН

«СОҒЫМ-FEST»
ЕТ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Бас қалада Ақмола, Түркістан, Павлодар, Абай және Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің қатысуымен кезекті ет жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңке Алаш тасжолы, 35Б мекенжайында орналасқан «Keryen joly» сауда орталығының автотұрақ аумағында ұйымдастырылады.

№153 (4897) 27/12/2025 Сенбі





Төлен ТІЛЕУБАЙ

ХАЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРУДЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысына жұмыс сапарымен барды. Президент бірқатар өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандарды аралап, экономиканың түрлі секторындағы инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысты, сондай-ақ облыс жұртшылығымен кездесті.

ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жамбыл облысына жұмыс сапары «Әмір және Д» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметімен танысудан басталды. Кәсіпорын медициналық бұйымдар мен дәрілік заттар өндіреді. Президентке медициналық препараттар мен дайын өнім түрлерін шығаратын негізгі цехтың жұмысы көрсетілді. «Әмір және Д» ЖШС-і әлеуметтік маңызы бар ауруларды диагностикалауға арналған жедел тестілердің көптеген түрін шығарады. Бұл өнімдер В және С гепатитін, ВИЧ-инфекциясын, миокард талмасын, сондай-ақ есірткі және психотропты заттарды анықтай алады. Кәсіпорынға тиесілі медициналық бұйымдардың 200-ден аса атаулы түрі бар. Бүгінде серіктестікте 94 қызметкер еңбек етеді.

Мемлекет басшысына «Superpharm» фармацевтикалық компаниясының жұмысы туралы ақпарат берілді. Бұл – елімізде медициналық бұйымдар өндіретін жетекші кәсіпорындардың бірі. Зауытта 600-ден аса еңбеккер жұмыс істейді. Компания отандық нарықтағы бір реттік қолдануға арналған медициналық бұйымдарға сұраныстың 30 пайызын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, кәсіпорын түрлі операциялар үшін хирургиялық және процедуралық жиынтықтарды, медициналық бетперденің барлық түрін, бір реттік қорғаныш киімін, санитарлық-гигиеналық мақсаттағы бұйымдарды өндіреді. Сонымен қатар медициналық шприцтер, инфузионды және қанды қайта құюға арналған система құралдары, басқа да өнімдер дайындалады. Президент отандық фармацевтика индустриясының дамуы импортқа тәуелділікті төмендетіп, ұлттық денсаулық сақтау жүйесін нығайтуда маңызды екенін атап өтті.

«ТАРАЗ» ИНДУСТРИАЛДЫҚ АЙМАҒЫН АРАЛАДЫ

Мемлекет басшысы «Тараз» шағын индустриалдық аймағын аралап көрді. Президентке Жамбыл облысына инвестиция тарту және агроөнеркәсіп кешенін дамыту жобалары таныстырылды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа экономиканы индустриаландыру, мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, егіс алқаптарын әртараптандыру, су үнемдеу технологиясын енгізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалып, инвестициялық пул туралы мәлімет берілді. Жыл басынан бері өңірге 599,2 миллиард теңге инвестиция тартылған, өсім 33 пайызды құраған. Соңғы екі жылда облыста жалпы құны 242 миллиард теңге болатын 56 инвестициялық жоба іске асырылған.

Мемлекет басшысына облыстағы жетекші кәсіпорындардың жобалары көрсетілді. Олардың қатарында «Қазфосфат» серіктестігінің минералды тыңайтқыштар өндіру және YONGGANG CENTRAL ASIA IRON and STEEL компаниясы салып жатқан металлургия зауыты жобалары бар. Сондай-ақ Жаңатас қаласындағы «ЕвроХим-Қаратау» ауқымды инвестициялық жобасының аралық қорытындысы ұсынылды. Қазір күкірт қышқылын өндіретін жаңа зауытты іске қосу алдындағы тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алғашқы өнім ішкі нарыққа жөнелтілді.



Алдағы уақытта пайдалануға берілетін Shengtai Biotech Co.Ltd жүгері өңдеу зауыты жөнінде де баяндалды. Шу ауданындағы бұл жобаға 1,5 миллиард доллар инвестиция салынған. Сонымен бірге Байзақ ауданындағы Zhongkai Kazakhstan International Company қант зауыты құрылысы жайында мәлімет берілді. Бұдан бөлек, KAZ FMWORLD AGRICULTURAL MACHINERY компаниясының индустриалдық аймақта шығарылатын ауылшаруашылық техникалары көрсетілді.

Одан кейін Президент Dala Glass әйнек өндіретін кәсіпорын қызметімен танысты. Зауыт биыл жазда іске қосылған. Жобаға салынған инвестиция 1 миллиард теңгені құрайды. Жылына 500 мың шаршы метр әйнек шығару жоспарланып отыр. Бүгінде аталған нысанда 50 адам жұмыс істейді. Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпорын қызметкерлерімен әңгімелесіп, олардың еңбегіне табыс тіледі.

МЕКТЕП АВТОБУСЫН СЫЙҒА ТАРТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысына жұмыс сапары аясында мамандандырылған әскери мектеп-интернатының қызметімен танысты. Президент оқу кабинеттері мен спорт залын аралап көрді. Президентке мекемеде 180 бала білім алып, интернатта тұратыны жөнінде баяндалды. Мектеп жас өскіндерге білім беріп, тегін тамақтандырады әрі тұрғынжаймен қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламасы 7-11 сыныптарға арналған.

Білім ошағының негізгі мақсаты – келешектегі Отан қорғаушыларды даярлау, оларға әскери-патриоттық тәрбие беру. Әскери интернатта курсанттар сабақтан тыс уақытта роботты техника, дронды басқару, жасанды интеллект үйірмелеріне қатысады. Болашақ әскери қызметшілерге ағылшын тілі тереңдетіп оқытылады. Қасым-Жомарт Тоқаев оқушылармен әңгімелесіп, мемлекет тарапынан әскери білім беру жүйесін дамытуға ерекше назар аударылып отырғанын атап өтті. Іс-шара соңында Мемлекет басшысы білім ошағына Бауыржан Момышұлының портретін және елімізде құрастырылған мектеп автобусын сыйға тартты.

БІР АУЫСЫМДА 150 АДАМДЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Тараздағы аритмология клиникасының жұмысымен танысты. Президент жүрек соғысының бұзылуын жедел емдеуге маманданған медициналық мекемеге барды. Өңірдегі бірегей орталық жүректі радиожиілік пен криоаблация тәсілдерімен емдейді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа клиниканың кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек, соның ішінде жоғары технологиялық араласу арқылы дәрігерлік жәрдемнің толық спектрін көрсете алатыны жөнінде баяндалды. Мекеме бір ауысымда 150 адамға дейін қабылдай алады. Сондай-ақ 47 орындық стационар бар. Орталыққа құйылған жалпы инвестиция көлемі 2,5 миллиард теңгені құрады.

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНА МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады. Президентке экономикалық реформаларды жүзеге асыру және азаматтардың әл-ауқатын одан әрі арттыру бойынша бұған дейін берген тапсырмаларының іске асырылуы жөнінде баяндалды.



Премьер-министр еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындылары туралы есеп берді. Президенттің экономиканы әртараптандыру жөніндегі тапсырмасын орындау нәтижесінде ішкі жалпы өнім өсімінің 70 пайыздан астамын өнеркәсіп, сауда және көлік салалары қамтамасыз етіп отыр.

2025 жылдың қаңтар-қараша айлары аралығында көлік қызметі 20,3 пайызға, құрылыс 14,7 пайызға, сауда 8,8 пайызға, ауыл шаруашылығы 6,1 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 5,9 пайызға ұлғайған. Негізгі капиталға салынған инвестиция 18,5 триллион теңгені құрап, жеке инвестициялардың көлемі 9,8 пайызға өскен. Мемлекет басшысына макроэкономикалық тұрақтандыру, халықтың әл-ауқатын арттыру бойынша Үкімет, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2026-2028 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру жайында мәлімет берілді. Халықтың нақты табысын арттыру, тұрмыс деңгейін жақсарту арқылы ішкі жалпы өнімнің өсімін қамтамасыз ету негізгі басымдық саналады. Инфляция деңгейін төмендету шаралары қарастырылып жатыр.

Олжас Бектенов желтоқсан айында шекарадағы бес өткізу бекетін жаңғырту жұмыстары аяқталғанын айтты. Қазақстандық тауар өндірушілердің реестрі іске қосылды. Шағын бизнесті қолдауға арналған «Іскер аймақ» бірыңғай бағдарламасы қабылданды. Бұдан бөлек, Премьер-министр жылыту маусымы жайында есеп берді. Сондай-ақ 2026 жылғы дала жұмыстарын қаржыландыру ерте басталғанына тоқталды. Бұл іс-шара ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу мен экспортқа ден қоя отырып, егіс алқаптарының көлемін сақтауды және оны ұлғайтуды көздейді. Президент Үкімет басшысына азаматтардың мүддесіне сай еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты жалғастыруды тапсырды. Инвестиция тарту, кәсіпкерлікті қолдау, инженерлік және көлік инфрақұрылымын жаңғырту бойынша бірқатар нақты міндет жүктеді.



МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Кеше Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында елорданың дамуына және қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға қатысты бірқатар мәселелер қаралды. Жиынға қала әкімінің орынбасары Нұрлан Нұркенов қатысты.

Сессия барысында бірқатар басқармалардың басшылары баяндамалар жасады. Соның ішінде тұрғылықты және уақытша тұру орны бойынша тіркеу нормативтері бекітілді.

«Бұл халықты есепке алуды жүйелеуге және қалалық инфрақұрылымды нақты жүктемені ескере отырып жоспарлауға мүмкіндік береді» дейді қалалық мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Сондай-ақ 938 орындық студенттік жатақхана салу жөніндегі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасының іске асырылуы талқыланды. Бұл нысанды келесі жылдың басында пайдалануға беру жоспарланған.

Жиында қала құрылысын дамыту, мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер телімдерін алып қою және елорда тұрғындарының жекелеген санаттарына амбулаториялық ем алу кезінде тегін медициналық көмек көрсету мәселелері талқыланды.

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ



Астанада қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы ғимаратының қабырғасына қызметтік міндетін орындау барысында қаза тапқан фельдшер Ұлдана Мырзуанға арналған ескерткіш-тақта орнатылды. Қала әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, тақтаның ашылу рәсіміне Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова мен Ұлдана Мырзуанның анасы Сәлима Ишанқұлқызы, туыстары және жедел медициналық жәрдем станциясының қызметкерлері қатысты.




«Ұлдана Қалдарханқызы 2017-2021 жылдары Астана қаласындағы «Даналық» колледжінде емдеу ісі мамандығы фельдшер біліктілігі бойынша білім алып, оқу орнын үздік дипломмен бітірген. Бүгін сол колледжде Ұлдананың атындағы арнайы аудитория ашылады. Оқу бітіргелі 4 жыл көлемінде өмірінің соңына дейін Астана қалалық Жедел медициналық жәрдем станциясында еңбек етті. Жас болса да, кәсіби адалдығымен көзге түскен және шұғыл жағдайларда өз бетінше шешім қабылдай алатын білікті маманға айналды. Ұлдана Қалдарханқызының туған-туыстарына, анасына, жақындарына, жұбайына, жедел жәрдем қызметкерлері ұжымына Қазақстандағы медицина саласында жұмыс істеп жүрген 300 мыңнан аса қызметкердің атынан, өз атымнан қайғырып, көңіл айтамын» деді министр.

Министр Ұлдана Мырзуанның есімі отандық медицина тарихына жазылатынын атап өтті. Ұлдана Мырзуанның анасы Сәлима Ишанқұлқызы марқұм қызына құрмет көрсетіліп жатқаны үшін Денсаулық сақтау министрі мен медицина саласының қызметкерлеріне алғысын айтты. Астана қалалық жедел медициналық жәрдем станциясының қызметкерлері ескерткіш-тақта алдына гүл шоқтарын қойды. Салтанатты рәсімнен кейін жедел медициналық жәрдем станциясы мекемесінде жайылған дастарқан басында Астана қаласындағы Шейх Кунта қажы мешітінің бас имамы Бекқожа Өмірзақ марқұмның рухына арнап құран бағыштады.

ЫНТАСЫ МЕН ЕҢБЕГІ БАҒАЛАНДЫ

Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен қазақ тілі курсының тыңдаушыларына сертификат тапсыруға арналған салтанатты рәсім өтті. Бұл туралы қала әкімдігінің ресми сайты хабарлады.



Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның Камералық залында өткен тағылымды жиында мемлекеттік тілді меңгеру жолында табандылық танытқан тыңдаушылардың бір жылдық еңбегі қорытындыланды. Салтанатты кеш барысында «Руханият» мекемесінің жыл бойы атқарған жұмыстары қамтылған есептік бейнеролик көпшілік назарына ұсынылды. Салтанатты рәсімді Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп құттықтау сөзбен ашып, қазақ тілі курсының тыңдаушыларына сертификаттар мен алғыс хаттар табыс етті. Басқарма басшысы өз сөзінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табатынын атап өтті.

Іс-шара барысында 70-ке жуық тыңдаушы марапатталып, олардың тіл үйренуге деген ынтасы мен еңбегі жоғары бағаланды. Әншілер Дос пен Эльдана Габерман әсем әндерімен кештің көркін қыздырды. Сондай-ақ «Руханият» мекемесінің басшысы Арман Шеризат тыңдаушыларға сертификаттар тапсырып, мемлекеттік тілді оқыту жолында аянбай еңбек етіп жүрген орталық ұстаздарына шынайы ризашылығын білдірді. Мазмұнды жиын мемлекеттік тілге деген құрметті арттырып, тыңдаушыларға жаңа серпін сыйлады.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КАРИКАТУРА

Елордалық оқушылар мен студенттерге арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы үздік карикатура» байқауы мәресіне жетті. «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы үздік жұмыстардың авторларын марапаттады.

Сарайшық ауданы әкімдігі аппаратының бастамасымен ұйымдастырылған байқау «Заң және тәртіп» аясында өтті. Оған жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сынып оқушылары, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

«Барлығы 54 жұмыс ұсынылып, соның ішінен 10 үздік жұмыс іріктелді. Байқаудың негізгі мақсаты – балаларға сыбайлас жемқорлықтың не екенін түсіндіру және болашақта оның ауыр салдарынан сақтандыру» дейді Сарайшық ауданы әкімдігінің өкілі Дарын Қаппаров.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Paving Stone Company» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі 49-3-бабына сәйкес «өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс үшін №7 полигон салу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жағдайы туралы Ұлттық деректер банкі экологиялық порталында және т.б. орналастырылған (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ 2026 жылғы 9 қаңтардан бастап 5 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

Қосымша ақпарат телефоны: 8-705-230-87-30 және электрондық пошта: evgeniya-skoba@mail.ru.

ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАБЫН ҚАТАҢ САҚТАЙЫҚ!

Жаңа жыл мен Рождество мерекелері кезеңінде қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында Астана қаласының аумағында ішкі істер органдары жыл сайынғы «Пиротехника» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізіп жатыр. Бұл туралы елорданың Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Бабаев пен Астана қаласы Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы Қару айналымын бақылау және табиғатты қорғау полиция тобының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция подполковнигі Азамат Әмен мәлім етті.

Аталған іс-шаралар 5 желтоқсанында басталып, 2026 жылғы 3 қаңтарға дейін жалғасады. Оның негізгі мақсаты – жеке және заңды тұлғалардың азаматтық пиротехникалық бұйымдардың айналымына қатысты белгіленген талаптарды сақтауын бақылау, сондай-ақ сертификатталмаған өнімдердің заңсыз саудасын анықтау және жолын кесу.

«Пиротехника» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында полиция қызметкерлері рұқсат құжаттарынсыз пиротехникалық бұйымдарды сату бойынша 15 деректі анықтады. Анықталған барлық фактілер бойынша кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 196-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін 241 дана пиротехникалық бұйым заңсыз айналымнан тәркіленді.

Іс-шара аясында балалардың жарақат алуын болдырмауға ерекше назар аударылуда. Осы мақсатта қаладағы 61 білім беру ұйымында пиротехникалық бұйымдарды қауіпсіз пайдалану ережелері және оларды елді мекендерде заңсыз қолданғаны үшін жауапкершілік туралы түсіндіру әңгімелері мен дәрістер өткізілген. Учаскелік полиция инспекторлары тұрғындар чаттары мен үй топтары арқылы азаматтарды тек сертификатталған пиротехникалық өнімді сатып алу, қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың болуы және белгіленген талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілік туралы хабардар етуде.

Полиция қызметкерлері петардалар, отшашулар, Бенгаль оттары сияқты пиротехникалық бұйымдардың қаупі жоғары екенін ескертеді. Оларды пайдалану ережелерін бұзу өрттің шығуына ғана емес, сондай-ақ ауыр жарақаттар мен адам өміріне тікелей қауіп төндіруі мүмкін. Жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында Астана қаласының Полиция департаменті мен Төтенше жағдайлар департаменті азаматтарды пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады. Сатып алу кезінде сатушыдан өнімнің сәйкестік сертификатын талап етіп, мемлекеттік және орыс тілдерінде қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың бар екеніне көз жеткізу қажет. Ең бастысы, бұйымның жарамдылық мерзіміне ерекше назар аудару керек, себебі мерзімі өткен пиротехниканы қолдануға қатаң тыйым салынады. Отшашуларды іске қосу кезінде оларды қолда ұстауға болмайды, бұйымдар адамдардан, ғимараттардан және көліктерден қауіпсіз қашықтықта, тегіс жерге тік күйде орнатылуы тиіс. Сондай-ақ іске қосылмаған пиротехникалық бұйымдармен қандай да бір әрекеттер жасауға жол берілмейді. Аталған талаптарды сақтау мерекелік кезеңде жарақат алу мен өрт шығу қаупін едәуір азайтады.

№153 (4897) 27/12/2025 Сенбі



ҚОҒАМДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Астана қаласының Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұхановтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы Астана қалалық кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға қалалық ҚХА кеңесі мүшелері, этномәдени бірлестіктер, қоғамдық институттар, жастар ұйымдары мен елорданың сарапшылар қауымдастығының өкілдері қатысты. Кездесу барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы аясында атқарылған жұмыстардың қорытындысы шығарылды.

Айгул УАЙС

Осы жылдары Ассамблея орнықты әрі функционалды инфрақұрылым ретінде қалыптасты. Оның құрамында 23 этномәдени бірлестік, 36 шығармашылық ұжым, 12 жастар қанаты, 3 этнолингвистикалық мектеп, сондай-ақ Медиация орталығы, Ғылыми-сараптамалық топ, Аналар кеңесі, Ақсақалдар кеңесі, «Жомарт жан» қайырымдылық орталығы, журналистер клубы және медиа алаңдар жұмыс істейді.

Ассамблеяның мерейлі 30 жылына арналған қалалық іс-шаралар жоспары іске асырылып, оның аясында 60 ірі әртүрлі форматтағы бастама өткізілді. Аталған іс-шаралар мәдени, жастар, әлеуметтік, білім беру, медиация және ақпараттық бағыттарды қамтыды. Мерейтойлық іс-шаралардың басталуы 1 наурыз күні Достық үйінде «Қайырымдылық керуені» акциясының іске қосылуымен қатар өтті. Бұл жыл бойғы жұмыстың негізгі бағытын қоғамдық диалог пен әлеуметтік жауапкершіліктің үйлесімі айқындады.

Жыл ішінде қала Ассамблеясының іс-шараларына елорда тұрғындары мен қонақтарынан ондаған мың адам қатысты, бұл халықтың жоғары деңгейде тартылғанын көрсетеді.

Есепті кезеңде қала Ассамблеясының қызметі мемлекеттік және өкілді органдармен тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырылды. Астана қаласы мәслихатының Қазақстан халқы Ассамблеясымен өзара іс-қимыл жөніндегі комиссиясы жұмысын жалғастырып, бұл басқарушылық шешімдердің үйлесімділігін қамтамасыз етуге және қалалық бағдарламалар мен бастамаларды іске асыру кезінде қоғамдық құрамдасты күшейтуге мүмкіндік берді.

2025 жылы Ассамблеяның шығармашылық ұжымдарының жетістіктер қоржыны тағы бір маңызды нәтижемен толықты: «Радуга» орыс әнби ансамбліне «Халықтық» атағы берілді. Осылайша ол қалалық АНК құрамындағы осындай мәртебеге ие болған алтыншы ұжым атанды. Сонымен қатар, желтоқсан айында аккредитациялық комиссияның кезектен тыс отырысы өтіп, «Әзербайжандар қауымдастығы» және «Әлем әйелдерінің достығы орталығы» қоғамдық бірлестіктермен толықты. Бұл қоғамдық өкілдіктің кезең-кезеңімен кеңейіп, дамып келе жатқанын көрсетеді.

2025 жылы азаматтық бірегейлікті және патриоттық сананы қалыптастыруға, әсіресе жастар арасында, басымдық берілді. «Алтын күн» патриоттық ән фестивалі өткізілді, елордадағы жоғары оқу орындары мен колледждерде «Ассамблея күндері» ұйымдастырылды, студенттік ассамблеялар мен АНК-ның арнайы кабинеттерін құру арқылы студент жастарды Ассамблея қызметіне тарту жұмысы жалғастырылды. Нәтижесінде білім беру және ағартушылық іс-шаралармен мыңдаған жас қамтылып, жұмыстың тәрбиелік және профилактикалық бағыты күшейтілді.

Есепті жылдың маңызды бағыттарының бірі этномедиация және қақтығыстардың алдын алу саласындағы қызмет болды. Астана қаласы АНК Медиация орталығы құрамында 8 қоғамдық және 12 кәсіби медиатор жұмыс істейді. Жыл ішінде «Елдесу және татуласу» жобасы аясында дөңгелек үстелдер, кездесулер мен семинарларды қоса алғанда 5 іс-шара өткізілді.

2025 жылғы сәуір айында мемлекеттік қызметшілер, учаскелік инспекторлар мен мектеп директорларының орынбасарлары қатарынан 50 адам медиативтік дағдыларды дамыту бойынша екі күндік оқыту семинарынан өтті. Қазан айында Достық үйінде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Болгария сарапшыларының қатысуымен халықаралық ғылыми конференция өтіп, оның қорытындысы бойынша медиация институтын одан әрі дамытуға арналған практикалық ұсынымдар әзірленді.

Ассамблея қызметінің әлеуметтік бағыты 2025 жылы «Жомарт жан» орталығының, Аналар кеңесінің және жастар бірлестіктерінің жұмысы арқылы нақты практикалық көрініс тапты. Есепті кезеңде жалпы сомасы 22 миллион теңгеден асатын 8 қайырымдылық акциясы өткізілді. «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік осал санаттағы 200-ден астам балаға көмек көрсетілді. Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды, сондай-ақ емдеуді қажет ететін азаматтарды жүйелі қолдау жалғасын тапты.

Есепті жылы Достық үйі елорданың негізгі қоғамдық және диалог алаңы ретіндегі мәртебесін растады. 2025 жылы мұнда 326 іс-шара өткізілді, оның ішінде 5 халықаралық, 14 республикалық және 307 қалалық деңгейдегі іс-шаралар ұйымдастырылып, жалпы қамту 83 567 адамды құрады. Жыл бойы Достық үйіне экскурсиялар мен ресми делегациялар аясында мыңдаған қала тұрғындары мен қонақтары келді.


2025 жылы Достық үйі Астана қаласының туристік маршрутына енгізіліп, этносаралық келісімнің символы ретіндегі қоғамдық және имидждік қызметі кеңейтілді. Ақпараттық бағытта есепті жылы «Ассамблея. Тұлға. Тағдыр» жобасы аясында 3 шығарылым, Birlik Talks подкастының 3 эпизоды және қалалық Ассамблея мүшелерінің қатысуымен 2 бейнеролик дайындалды. Бұл АНК-ның медиа кеңістіктегі және әлеуметтік желілердегі қатысуын күшейтуге мүмкіндік берді.

Қалалық Ассамблея қызметтің жаңа бағыттарына да белсенді түрде кірісті. Бүгінгі таңда ірі кәсіпорындар базасында 4 Еңбеккерлер ассамблеясы құрылды, Инклюзивті және Спорттық ассамблеяларды дамыту алгоритмдері, сондай-ақ «Елтану» ағартушылық жобасы талқылануда. Әрине, аталған бағыттар этносаралық келісім саясатын іске асыру үшін жаңа күштердің, тұлғалардың және мүмкіндіктердің тартылуына ықпал етеді.

2025 жылдың қорытындылай отырып, Астана қаласының «бейбітшілік қаласы» ретіндегі имиджін нығайтуда жүйелі сабақтастық танытқанын атап өтуге болады. Есепті жылы Ассамблея инфрақұрылымының тағы бір нысаны – «Бейбітшілік пен келісім паркі» пайдалануға беріліп, ол жаңа қоғамдық кеңістік әрі бірлік пен диалогтың символына айналды.

Этносаралық келісім күнделікті, жүйелі және жауапты еңбек арқылы, сенімге, диалогқа және азаматтардың белсенді қатысуына негізделе отырып қалыптасатынын айқын көрсетеді.

2025 жылға қойылған міндеттер тұтастай алғанда орындалды. Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін одан әрі дамытуға, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтуға берік негіз қаланды.



КӘСІПКЕР ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, елордада әйелдер басқаратын 109,2 мың жеке кәсіпкер мен кәсіпорын тіркелген. Көрсеткіш ШОБ субъектілерінің жалпы санының 53,9 пайызын құрайды. Бұл туралы елорданың Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Сапаров мәлім етті.

Әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігінің басым бөлігі көтерме және бөлшек сауда саласына тиесілі, бұл бағытта 43,9 мың субъект қызмет атқарады. Сонымен қатар қызмет көрсету саласында 21 мың, жылжымайтын мүлікпен операциялар саласында 11,2 мың әйел кәсіпкер жұмыс істейді. Әйелдер кәсіпкерлігі жаңа жұмыс орындарын ашуға және қаланың тұрақты экономикасын қалыптастыруға елеулі үлес қосуда. Осыған байланысты оны қолдау және одан әрі дамыту басқарманың негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді.

Кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру мақсатында, оның ішінде әйел кәсіпкерлерге арналған бірқатар мемлекеттік қолдау бағдарламалары іске асырылуда. Несие бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендету бағдарламасы. Аталған тетіктер аясында несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі 12,3 пайызға дейін төмендетіліп, қаріздың ең жоғары сомасы 200 млн теңгеге дейін жетуі мүмкін. Бұл кәсіпкерлердің қаржылық жүктемесін азайтып, бизнесті дамытуға қосымша мүмкіндік береді.

Келесі маңызды қолдау құралдарының бірі – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы кепілдендіру механизмі. Кепілдік мөлшері несие сомасының 85 пайызына дейін жетуі мүмкін, бұл банктер үшін тәуекелдерді азайтып, әсіресе жаңадан бастаған және дамып келе жатқан кәсіпкерлер үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттырады. Кәсіпкерлер кеңес алу үшін Астана қаласы бойынша «Даму» қорының филиалына (Мәңгілік ел даңғылы, 55а) жүгіне алады.

Әлеуметтік кәсіпкерлер үшін 5 млн теңгеге дейінгі мемлекеттік гранттар қарастырылған. Негізгі талаптар – жобаны кемінде 20 пайыз көлемінде өз қаражаты есебінен бірлесіп қаржыландыру және жұмыс орындарын құру. Конкурсқа қатысу үшін әлеуметтік кәсіпкерлер тізіліміне енгізілу қажет. Қосымша ақпаратты 55-69-03, 55-69-21, 55-69-10 телефон нөмірлері арқылы алуға болады.

Қаржылық құралдармен қатар, әлеуметтік мәселелерді шешуге және халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған қаржылық емес қолдау іс-шаралары да белсенді дамып келеді. Әлеуметтік кәсіпкерлік төрт санатқа бөлінеді, оның алашқысы әлеуметтік осал топтардың, соның ішінде көпбалалы және толық емес отбасылардың жұмыспен қамтылуына ықпал ететін кәсіпкерлерді қамтиды.

Бүгінгі таңда әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне 268 кәсіпкер енгізілген, олардың 195-і – мемлекеттік преференцияларды алуға құқығы бар әйел басшылар. Бұл санаттағы бизнесті қолдау мақсатында субсидиялау тетігі аясында салалық шектеулер алынып тасталып, несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі 11,3 пайызға дейін төмендетілді. Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығымен бірлесіп, елордада еліміздегі алғашқы Social Innovation Hub ашылуда. Бұл – әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға және қолдауға арналған мамандандырылған алаң.

Хаб әлеуметтік мәселелерді шешуге және халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған бастамалардың орталығына айналады. Оның құрамында ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқыту және жұмысқа орналастыруға арналған әлеуметтік кофехана, әлеуметтік кәсіпкерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандардың өнімдерін ұсынатын шоурум, сондай-ақ білім беру және ғылыми-зерттеу орталықтары қарастырылған. Сонымен қатар табысты жобаларды насихаттауға арналған бейнежазба студиясы, халықаралық тәжірибе алмасу және тағылымдамалар бағыты іске қосылады. Жобалармен бірлесіп жұмыс істеуге арналған коворкинг кеңістігі де жұмыс істейді. Әйел кәсіпкерлер мұнда кәсіби кеңес алып, білімін жетілдіріп, өз бастамаларын кеңейте алады.

«Қорытындылай келе, өз кәсібін бастау немесе дамытуға ниетті әйелдерге бірқатар маңызды ұсыныстарды атап өткен жөн. Ең алдымен, бизнес негіздері бойынша оқудан өту маңызды. Бұл кәсіпкерлік қызметтің құқықтық қырларын меңгеруге және стратегиялық жоспарлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тегін бағдарламалар enbek.kz платформасында және Joltap жобасы аясында қолжетімді. Сондай-ақ бизнес бағытын таңдауда нарық сұранысын ескеріп, бәсекелестік ортаны талдау және өз мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын объективті бағалау ұсынылады. Сонымен бірге, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, жеңілдетілген несие беру, кепілдендіру және мемлекеттік гранттар секілді қолданыстағы ШОБ-ты қолдау шараларын белсенді пайдалану қажет» деді Қ.Сапаров.

ТҰРҒЫНДАР ТҰРМЫСЫ ЖЕҢІЛДЕДІ



2025 жыл Астана қаласының Сарайшық ауданы үшін ауқымды өзгерістер мен нақты нәтижелерге толы кезең болды. Аудан аумағында тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету, қалалық ортаның көркемдік келбетін арттыру және қоғамдық кеңістіктерді тиімді пайдалануға бейімдеу мақсатында кешенді жұмыстар жүргізілді. Бұл бастамалар елорданың орнықты дамуына бағытталған ортақ саясаттың бір бөлігі ретінде іске асты.

Аудан тұрғындары үшін ең маңызды мақсат – олардың күнделікті өмірін жеңілдету, балалар мен жастар үшін қауіпсіз және жайлы орта жасау, бос уақытты тиімді пайдалану. Сонымен қатар қоғамдық кеңістіктерді қолайлы етіп қалыптастыру. Осы бағдарға сай, 2025 жылы Сарайшық ауданында бірнеше ірі жоба іске асты. Бұл жобалар тек сыртқы көріністі жақсартуға ғана емес, тұрғындардың күнделікті тұрмысын жеңілдетуге, демалыс пен серуендеуге арналған заманауи, функционалды кеңістік жасауға бағытталды.

Биылдың ең көрнекті жобаларының бірі – «Жұмысшы мамандықтар» аллеясы. Ол Т.Жүргенов көшесі бойында бой көтеріп, тұрғындарға жаңа, тартымды және ыңғайлы қоғамдық кеңістікті ұсынды. Жобаны іске асыру барысында 7000 шаршы метр аумаққа тас төселіп, 1982 шаршы метрге асфальт жабындысы жасалды. Сонымен қатар екі көлеңкелі шатыр орнатылып, балаларға арналған ойын алаңдары мен спортпен жаттығу құралдары орналасты. Аллея бойына жұмысшы мамандықтарына арналған 6 тақырыптық қабырға орнатылды. Бұл жобаның негізгі мақсаты – жастар мен балаларға кәсіби бағытта тәрбие беру, еңбек адамын дәріптеу және еңбекке құрмет көрсету.

Аудандағы басқа да инфрақұрылым жобалары ерекше назарға алынды.



Р.Қошқарбаев даңғылы, Тәуелсіздік даңғылы және А.Байтұрсынұлы көшесі арасындағы аумаққа 13810 шаршы метрге тас төселіп, ұзындығы 1700 метр болатын веложол салынды. Бұл жаңарту жаяу жүргіншілер мен велосипедшілер үшін қауіпсіз әрі қолайлы ортаны қамтамасыз етті. Сонымен қатар тіреу қабырғалары орнатылып, тұрғындардың қаланың әр бөлігінде еркін қозғалуына жағдай жасалды.

Тәуелсіздік даңғылы мен Ж.Нәжімеденов көшесінің қиылысында жаңа қоғамдық кеңістік ашылып, 8187 шаршы метрге тас төселді, 1201 метрлік веложол салынды, тіреу қабырғалары орнатылып, әткеншектері бар көлеңкелі алаңқай жасалды. Бұл аумақ – тұрғындар үшін демалысқа шығуға, серуендеуге және балалардың қауіпсіз ойын алаңын пайдалануына таптырмас мүмкіндік.

Bravo Family аумағы да абаттандырылып, отбасы демалысына арналған заманауи қоғамдық кеңістікке айналды. Мұнда балалар мен ересектер үшін ойын алаңдары, демалыс орындары мен жарықтандыру жүйелері орнатылды. Аумағы заманауи сәулет элементтерімен толығып, адамдар үшін тартымды әрі жайлы ортаға айналды.

Биыл «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында ауданның 17 ауласы толық абаттандырылып, балалар ойын алаңдары жаңартылды, демалыс аймақтары жөнделді, жаяу жүргіншілер жолы ретке келтірілді. Бұл жұмыстар тұрғындардың ұсыныстары мен қала әкімдігі арасындағы өзара байланыс арқылы жүзеге асырылып, жергілікті қоғамның қала өміріне қатысуын арттырды.

Сарайшық ауданында барлығы 263 аула орналасқан. Оның ішінде 223 аула қанағаттанарлық жағдайда болса, 40 аула әлі де абаттандыруды қажет етеді. Бұл көрсеткіш алдағы жылдары абаттандыру жұмыстары жалғасатынын көрсетеді. Аулаларды жөндеу барысында әткеншектер, сырғанақтар, балалар ойын кешендері және шағын сәулет нысандары жаңартылды.

Биыл аудандағы жұмыстар тұрғындардың өмір сапасын жақсартумен қатар, қаланың жалпы көрінісін өзгертті. Инфрақұрылым жаңартылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді, жасыл желек аймақтары көбейді. Тұрғындарға арналған қоғамдық орындар, демалыс аймақтары, балалар мен жасөспірімдерге арналған ойын алаңдары және спорт кешендері жаңартылып, заманауи жарықтандыру жүйелері орнатылды. Аудандағы барлық абаттандыру жобалары тұрғындардың пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып жүзеге асты. Бұл жергілікті қоғамның қала өміріне белсенді қатысуына септігін тигізді.


Сарайшық ауданының 2025 жылғы дамуы – елордадағы қоғамдық кеңістіктерді жаңарту, тұрғындарға жайлы және қауіпсіз орта жасау, жасыл желекті көбейту мен экологияны жақсарту бағытындағы ауқымды жұмыстардың нақты мысалы. Ауданның қоғамдық инфрақұрылымын жаңарту тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартып қана қоймай, қаланың көркем бейнесін арттырады.

Бетті дайындаған **Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ**

АУДАН АЛАБЫ АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Сарыарқа ауданы – елорда тұрғындарының ең тығыз қоныстанған аудандарының бірі. Мұнда 351 мыңнан астам адам тұрады және ауданның кең көлемді аумақтары, тарихи көшелері мен қоғамдық орындары бар. 2025 жылы ауданда тұрғындарға қолайлы, қауіпсіз және тартымды орта жасау мақсатында ауқымды абаттандыру, көгалдандыру және инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары жүргізілді.

Биыл ауданда тозығы жеткен үйлер және пайдаланылмай тұрған бос аумақтар орнына 6 жаңа қоғамдық кеңістік ашылды. Абаттандырылған аумақтардың жалпы көлемі 18000 шаршы метрден асты. Ал жобалар әзірленген кезде тұрғындардың ұсыныстары мен қала тұрғындарының қажеттілігі ескерілді. Әр жаңа алаң заманауи сәулет құрылыстарымен безендіріліп, жарықтандыру жүйелерімен толықты. Демалыс орындары мен серуендеуге арналған жолдар жасалды. Мәселен, Алтынемел мен Гете көшелерінің қиылысында 2000 шаршы метрден асатын жаңа демалыс аймағы ашылды. Бұл кеңістік жарықтандырылған, қауіпсіз және тұрғындарға серуендеуге, отбасымен уақыт өткізуге ыңғайлы ортаны ұсынады. Сонымен қатар Ы.Дүкенұлы көшесі мен Республика даңғылының қиылысында орналасқан «Иллюзия» гүлзары күрделі жөндеуден өтті. Аумағы 5,8 мың шаршы метрді қамтитын бұл сквердe жаңа жаяу жүргіншілер жолдары, орындықтар, көркем элементтер, заманауи жарықтандыру жүйелері орнатылды. Нәтижесінде алаң тәуліктің кез келген уақытында серуендеуге ыңғайлы әрі қауіпсіз демалыс ортасына айналды. Сондай-ақ Республика даңғылы, 7/1 мекенжайында жаңа қоғамдық кеңістік абаттандырылып, тұрғындарға ыңғайлы, көркем мәні бар орталыққа айналды. Бұдан бөлек, Қарасай батыр көшесі, 16 және Жамбыл көшесі, 8 мекенжайындағы бос жатқан аумақтар ретке келтіріліп, заманауи көше жиһаздары, жарықтандыру жүйелері және демалыс орындары орнатылды. Тарихи мәні бар Гете, Ә.Мәмбетов және Ғ.Қараш көшелеріне ерекше көңіл бөлінді. Бұл көшелерде жаңа жарықтандыру бағаналары мен көше жиһаздары орнатылып, тұрғындардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілді, сонымен қатар қаланың көркемдік бейнесі жақсарды. Қаладағы тарихи көшелердің абаттандырылуы тұрғындарға тек демалыс пен серуендеуге арналған жайлы кеңістік қана емес, сонымен бірге тарихи және мәдени құндылықтарды сақтауға мүмкіндік беретін орта жасады. Сондай-ақ Н.Тілендиев даңғылының Көктал көшесінен Астрахан тасжолындағы көпірге дейінгі бөлігі кешенді түрде жаңартылды. Бұрынғы төсемелі тастың орнына жасыл дәліз жасалып, аумақта 510-нан астам жапырақты қарағаш және 44 мыңнан астам сәндік гүлді бұта отырғызылды. Е.Рахмадиев атындағы филармония алдындағы алаң да толық жаңартылды. Мұнда жаяу жүргіншілер жолдары ретке келтіріліп, тактильді плиталар төселді және инклюзивті орта қамтамасыз етілді. Аумақ заманауи көше жиһаздарымен, жаңа жарықтандыру тіректерімен, жергілікті суару жүйесімен және қосымша көгалдандыру элементтерімен толықты.





Жыл басынан бері Сарыарқа ауданында 52 аула абаттандырылды, оның 36-сы «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жүзеге асырылды. Жалпы алғанда, 20000 шаршы метрден астам аула ретке келтіріліп, балаларға арналған заманауи ойын кешендері мен спорт алаңдары орнатылды. Жаңа аулалар балалар, жасөспірімдер және жастар үшін қауіпсіз, ашық әрі тартымды ортаға айналды.

2025 жылы Сарыарқа ауданында жүргізілген абаттандыру және инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары тұрғындардың күнделікті өмірін жеңілдетіп қана қоймай, қаланың жалпы көрінісін жаңа деңгейге көтерді. Аудандағы әр аула мен қоғамдық кеңістік заманауи сәулет құрылыстарымен, жасыл желекпен, жарықтандыру жүйесімен, балалар мен жасөспірімдерге арналған ойын алаңдары және спорт кешендерімен толықты. Осы жұмыстардың барлығы тұрғындардың демалысқа шығуын, серуендеуін, спортпен айналысуын және балалардың қауіпсіз ойнауын қамтамасыз етуге бағытталды. Сонымен қатар абаттандырылған аумақтарда инклюзивті ортаның қағидалары сақталып, кедергісіз орта, тактильді плиталар және арнайы бағыттау элементтері қарастырылды.

Аудандағы жаңартылған аумақтардың бәрі тұрғындардың ұсыныстары мен қажеттіліктеріне сүйене отырып жасалды. Бұл жұмыстар инфрақұрылымды жетілдірумен қатар, тұрғындардың қала өміріне белсенді қатысуына мүмкіндік берді.

№153 (4897) 27/12/2025 Сенбі



Сұлтан СЕЙІТ



ФАРИЗА МЕКТЕБІНІҢ БЕЛЕСІ

Астана қаласындағы Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия 10 жылдық мерейтойына арналған «Жүрек, сенсің Отаным!» атты салтанатты іс-шара өткізді.

Шапағат ӘБДІР

Алғашқы бөлімде қонақтарға «Neo 77» жасанды интеллект боты таныстырылып, жаңадан жабдықталған Фариза Оңғарсынова атындағы кабинетте орналасқан робот қонақтарға ақпарат беріп, сұрақтарға жауап ұсынды. Сонымен қатар мектептің виртуалды картасы әзірленіп, мұражай үлгісіндегі көрме көрсетілді. Бұл – аталған мектеппен бұрын таныс болмаған жандарға арналған виртуалды саяхат.

Мерейтойдың негізгі бөлімі «Жүрек, сенсің Отаным!» тақырыбындағы дөңгелек үстел форматында ұйымдастырылды. Жиынға Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшелері, Оқу-ағарту министрлігінің, Астана қаласы Білім басқармасының өкілдері, білім саласының мамандары мен мектеп басшылары қатысты. Құрметті қонақтардың қатарында ҚР Оқу-ағарту министрлігі тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Ерлан Қалмақов, Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Асыл Амангелдіқызы, №77 мектеп-гимназияның алғашқы директоры, қазіргі таңда Темірбек Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицей директоры Гүлжамал Байменова, Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Ұлттық ғылым академиясы директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, академик Кәрімбек Құрманәлиев, Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Ұлттық ғылым академиясының академигі Дихан Қамзабекұлы, ҚР еңбек сіңірген заңгері Ирак Қасымұлы, фризатанушы, филология ғылымының кандидаты Гүлсім Еңсепова сөз сөйлеп, ұлттық құндылықтарды ұлықтау бойынша өз ойын ортаға салды.

– Бұл мереке – бір сәттік қуаныш емес, он жыл бойғы жүйелі еңбек, жаңашыл ізденіс, ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани сабақтастықтың нәтижесі. Мерейтой аясында ұйымдастырылған іс-шаралардың тағылымдық- тәрбиелік мәні мол болғанын екпін түсіріп айтқымыз келеді. Фариза Оңғарсынова атындағы кабинетте әзірленген «Neo 77» жасанды интеллект боты мектептің цифрландыру мен инновация бағытындағы нақты қадамын айқындайтын жоба екенін бағамдадық, – деді Президент жанындағы Ұлттық құрылтай және Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, ҚР ҰҒА академигі Кәрімбек Құрманәлиев.

Жиын барысында қонақтар мектептің оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын көрсететін панорамалық ашық сабақтарға қатысты. Атап айтқанда, «Адал азамат – Отан тірегі» тақырыбындағы тәрбие сағаты оқушылар бойындағы азаматтық жауапкершілік пен ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналса, ағылшын тілі мен информатика пәндерінен өткен ашық сабақтар білім сапасы мен оқыту әдістемесінің жоғары деңгейін көрсетті.

Мектеп директоры Нұрлан Меңдібайұлы білім беру жүйесіндегі жаңашыл бастамаларға тоқталып, мектеп түлектерінің жетістігі турасында айтты.

– Біздің мектеп-гимназия 2015 жылдан бастап өз жұмысын бастады. Биыл білім ордамыздың құрылғанына 10 жыл толды. Мерейлі онжылдыққа арналған салтанатты іс-шараны арнайы 25 желтоқсанға ұйымдастырып отырмыз. Бұл күннің таңдалуы тегін емес, себебі ол көрнекті ақын Фариза Оңғарсынованың туған күнімен тұспа-тұс келеді. 2022 жылы мектебімізге Фариза Оңғарсынованың есімі берілген еді. Содан бері мектепте өтетін маңызды іс-шаралар мен ғылыми-танымдық конференциялар ақынның туған күніне орай ұйымдастырылып келеді. Бұл жолғы мерекелік кештің тақырыбы да ақынның өлең жолдарынан алынған. Мектеп-гимназиямыз Астана халықаралық университетімен, Назарбаев университетімен, Педагогикалық шеберлік орталығымен және НЗМ-мен өзара серіктестік туралы меморандум аясында тығыз байланыста жұмыс жүргізіп келеді. Оқу үдерісі «Адал азамат, біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жүзеге асып, білім алушылардың құзыретін жан-жақты дамытуға бағытталған. Алғашқы түлектеріміз 2016-2017 оқу жылында мектеп бітірді. Олардың саны 35 болған (2 «Алтын белгі», 1 «Үздік аттестат» иегері). 2025 жылға дейін 627 түлек, оның ішінде 37 «Алтын белгі», 67 «Үздік аттестат» иегері мектеп бітіріп шықты. Олар Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарында, Англия, Түркия, Қытай, Еуропа елдерінің университеттерінде білім алып, еліміздің түрлі саласында қызмет етуде. 2015-2016 оқу жылында қалалық, аудандық байқаулар мен олимпиадаларда 14 оқушы топ жарса, 2020 жылға дейін мектеп оқушылары жыл сайын жүздеген жүлденің иегері атанды. Мұның өзі – мектеп ұжымының бір жетістігі. Шын мәнінде, білім беру жүйесінде жаңашыл бастамаларды іске асыру – уақыт талабы. Оқу үдерісіне жасанды интеллект технологияларын енгізу білім алушылардың цифрлық сауатын арттырып, мұғалім жұмысының тиімділігін күшейтеді және оқыту сапасын жаңа деңгейге көтереді. Алдағы мақсатымыз – бәсекеге қабілетті білім беру моделін қалыптастыру, – деді мектеп директоры.

Мерекелік кеш поэзия қойылымымен, оқушылардың ән-би өнерімен жалғасты. Республика көлемінде танылған жас өнерпаздар мен байқау жеңімпаздары сахнаға шығып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Соңында ұстаздар хоры өнер көрсетіп, салтанатты жиынды қорытындылады.

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ АСТАНАЛЫҚ ҮЛГІСІ

Елорданың тұрақты дамуы, ел ішіндегі көші-қон үдерісінің қарқынды жүруі мен туу көрсеткішінің тұрақты артуына байланысты астаналық балалардың саны өсіп келеді. Бас қаламызда жыл сайын 30 мыңнан астам сәби дүниеге келсе, қосымша 3,5-4 мың бала өңірлерден қоныс аударып келеді екен.

Айгүл УАЙС



Нәтижесінде қалада 530 мыңға жуық мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер мен жасөспірім мектеп оқушылары тұрып жатыр. Қазіргі күні елордадағы 923 білім беру ұйымында (265-і – мемлекеттік, 648-і – жекеменшік) 400 мыңнан астам бала мен жас өрен тәрбиеленіп, білім алуда. Мектепке дейінгі білім беру жүйесі 66281 тәрбиеленушіні қамтып отыр. Қалада барлығы 653 балабақша жұмыс істейді, онда 5 мыңнан астам жоғары білікті педагог қызмет атқарады. Биыл Астанада алғаш рет 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту көрсеткіші 100 пайызға жетті. Бұл – ваучерлік қаржыландыру жүйесін енгізудің жемісі. Алдағы басты міндеттің бірі – 2 жастағы балаларға арналған бөбекжай топтарын ашу. Бұл бағытта жекеменшік балабақшалардың әлеуетін іске қосу жоспарлануда.

Оқушыларға орта білім беру бойынша қазіргі уақытта елордада 310 мыңнан астам бала 203 мектепте (122-сі – мемлекеттік, 74-і – жекеменшік және 7-еуі – республикалық) білім алуда. Соңғы үш жылда ең өзекті мәселенің бірі – оқушы орындарының жетіспеушілігі шешілді. Жаңа мектептердің ауқымды құрылысының нәтижесінде үш ауысымда оқыту толығымен жойылды. 2025 жылы екі ауысымдағы 43744 орынға шақталған 14 мектеп (11 мектеп және 3 қосалқы ғимарат) пайдалануға берілді. Оның ішінде 8 мектеп жаңа оқу жылына, 6 мектеп жыл соңына дейін ашылмақ. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 22 мектепті жаңарту көзделген, биылдың өзінде 6 мектеп толықтай жаңғырды. Елордада орта білім беру нысандарының құрылысы тоқтамайды. Мемлекет басшысының ұлттық жобасы аясында салынған «Келешек мектептері» білімпаздарға есігін айқара ашты. Мұнда сапалы білім беру үшін не қажеттінің бәрі бар: заманауи жабдықталған кабинеттер, зертханалар, оқу залы бар кітапхана, телестудия, кең асхана, қауіпсіздік жүйесі. Демек, материалдық-техникалық базаны жүйелі түрде нығайту білім берудің тұрақты дамуын айқындайтын басым бағыттардың бірі болып қала береді.

Бүгінде дарынды балалармен жұмыс жүйелі түрде жолға қойылған. Қазақстанның ұлттық ТОП-100 рейтингіне елорданың 13 мектебі енгенін де атап өтпеске болмас. Халықаралық және республикалық байқаулар мен олимпиадаларда елордалықтар 500 медаль иеленді, оның ішінде 120 алтын, 194 күміс және 186 қола медаль. Бұл жетістіктер – жас ұрпақтың білімге деген құштарлығы мен табандылығының, ұстаздардың шынайы еңбегі мен ата-аналар қолдауының, мемлекетіміздің білім саласына жасап отырған қамқорлығының айқын көрінісі.

Жас жеткіншектер тек өз мектебінің ғана емес, еліміздің мәртебесін көтеріп, өздерінен кейінгі толқынға үлгі болып жүр. Соңғы үш жылда білім сапасы тұрақты өсім көрсетіп, 2024-2025 оқу жылында 65%-ға жетті (2022-2023 жж. – 60%, 2023-2024 жж. – 62%). 2025-2026 оқу жылындағы тағы бір міндет – барлық мектепті инклюзивті оқытуды қолдау кабинетімен 100 пайыз қамтамасыз ету. Ол – инфрақұрылым ғана емес, әр баланың жүрегіне жол ашатын, тең мүмкіндік орнататын шешуші бастама. Елордалық білім беру жүйесінің алдында ауқымды міндеттерді де атап өту қажет. Бұл – Астананы бүкіл өңірдің білім беру флагманына айналдыруға бағытталған нақты қадамдар.

Тәрбие жұмысы бірыңғай күнтізбе мен мониторингтен бастап мектепті, отбасы мен қоғамды қамтитын бірегей жоба түрінде жүргізілуде. Мектеп парламенттері оқушылардың өзін-өзі басқаруының белсенді орталығына айналды. Театр қойылымдары арқылы маңызды тақырыптар талқылануда. Отбасы негізгі серіктес ретінде қолдау орталықтары мен «Даналық мектептері» жұмыс істеп тұр. Ал мектеп, бала және отбасы ынтымақтастығы тәрбие процесінің тиімділігін арттыруда.

Білім беру ұйымдарында қауіпсіз ортаны қалыптастыру және оқушылардың құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында құқық қорғау органдарымен бірлескен жүйелі жұмыс жүргізілуде. Қала көлемінде «Заң мен тәртіп» жобасы аясында 159 мыңнан астам оқушы мен 120-дан астам ұйым өкілдерінің қатысуымен 2 мыңнан астам профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасында «Заң мен балалар: қателіксіз болашақ» атты театрландырылған қойылымдар байқауы өтті.

Жаңа оқу жылынан бастап Мәдениет басқармасы қалалық театрлармен бірлесіп, елордалық мектептерде «Бала және театр» жобасын қолға алады. Театр үйірмелері балалардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймай, сахна мәдениеті арқылы тәртіпке, өзара құрметке баулиды. Театр өнері рухани құндылықтарға сүйіспеншілікті арттырумен қатар, «Адал азамат», «Заң мен тәртіп» қағидаттарын жастар бойына дарытудың тиімді құралы болмақ.

Өскелең ұрпақтың жан-жақты тәрбиесімен бірге білімпаз болуы үшін кітаптың орны бөлек. Осы орайда «Оқуға құштар мектеп» жобасының оң тұстарын айта кеткен дұрыс. Бұл жоба қаланың 37 мектебіндегі (38,2%) кітапханалардың интерьерін қайта жобалауды жаңғыртуға себеп болды. Қалған мектептерде оқырмандарға арналған коворкинг (coworking) аймақтары бар. Кітапханадан басқа, дәліздер мен мектеп фойесінің бос аймағында оқырмандар үшін қолайлы бұрыш ұйымдастырылған. Яғни барлық мектеп оқуға бағытталған 40-тан астам жобамен («Отбасы оқыған бір кітап», «Bookstart», «READx», «Буккроссинг», «Бір сынып – бір кітап», «Бір кітап – бір сурет», «Әжемнің ертегісі» және т. б.) жұмыс істейді, сондай-ақ челлендж, флешмоб, кітап көрмесі, бейнепрезентациялар ұйымдастырылуда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қосымша білім беру нысандары салынып жатыр. Мәселен, Қ.Мұхамедханов көшесінде орналасқан «Tanym» атты жаңа оқушылар сарайы ашылуға дайын. Сол сияқты келесі жылы тағы 2 «Tanym art» оқушылар сарайы (Ақан сері мен С189 көшелері) және «Tanym sport» оқушылар сарайы (М.Төлебаев көшесі) ашылады.

Жалпылай айтқанда, білім беру жүйесі ақпараттық қоғамда өмірдің әртүрлі саласын, жаһандық өзгерістерді қаперде ұстап дамиды. Яғни мектептегі тәрбие мен білім берудің әлеуметтік жүйесін жетілдіруге арналған жаңа теорияларды, тұжырымдамалар мен ғылыми көзқарастар жүйесін жасауға негіз болды. Осыларды түсіне білген Астана қаласының Білім басқармасы өз жұмысын заман талабына сай ұйымдастырып, ұрпақ тәрбиесі мен білім беруде көшбасшылық орнын айқындауда.

Қазақстан білім жүйесі бүгін тарихи кезеңде тұр. Бұл – кезекті реформа немесе жаңа технология енгізу емес, білім туралы ойлау тәсілінің түбегейлі өзгеру сәті. Мұндай интеллектуалдық бетбұрыстар сирек болады және олар әрдайым тұлғалармен, идеялармен, ғылыми-рухани сабақтастықпен байланысты. Соңғы жылдары Қазақстанда жасанды интеллект туралы сөз жиі айтыла бастады. Біреулер оны кезекті технологиялық сәнге балайды, біреулер болашақтың белгісі ретінде қабылдайды. Алайда білім мен ғылым тарихына тереңірек үңілсек, бүгінгі бетбұрыс аяқ астынан пайда болмағанын көреміз. Оның тамыры тереңде – академик Евней Бөкетов қалыптастырған ғылыми ойлау мәдениетінде жатыр. Бөкетов өткен дәуірдің ғана ғалымы емес. Ол – жасанды интеллект дәуіріне қажет ойлау типін алдын ала сезген тұлға. Оның мектебі ғылымды жекелеген формулалар жиынтығы емес, күрделі, өзара байланысты, басқарылатын тірі жүйе ретінде қарастыруға үйретті. Дәл осы көзқарас бүгінгі жасанды интеллекттің іргетасы болып отыр.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ҒЫЛЫМИ ТҮЙСІКТІҢ ЖАЛҒАСЫ

Ғылым тарихында ірі бетбұрыстар, әдетте, жаңа техникалық құралдан емес, жаңа сезіну қабілетінен басталады. Адамзат алдымен көзге көрінбейтінді түйсінеді, кейін оны ұғымға, модельге, жүйеге айналдырады. Бұл үрдіс кездейсоқ емес, ол ғылыми мәдениеттің ішкі эволюциясын көрсетеді. XIX ғасырда термодинамиканың атасы Сади Карно жанып жатқан оттың ішінде жай жылудан (энергиядан) бөлек, вагондар сүйрейтін, зымырандар ұшыратын алапат физикалық күш бар екенін терең түсінді. Ол осы күшті адамзат игілігіне бағыттау қажеттігін алғаш сезген ғалымдардың бірі болды. Ғалымның мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты адамзат бұл теориялық серпілістің практикалық мүмкіндіктерін бір ғасырға кеш түсінді. Сол ғасырдың тағы бір «көріпкел» данышпаны Дмитрий Иванович Менделеев адам баласы тікелей сезе алмайтын, бірақ табиғатта объективті түрде өмір сүретін бір терең заңдылықты аңғарды. Ол белгілі және әлі ашылмаған химиялық элементтердің арасында барлығына ортақ тектілік, ішкі үйлесім және өзара тартылыс бар екенін сезді. Бұл түйсік кейін ғылыми тілде «Химиялық элементтердің периодтық заңы» ретінде бекітілді. Менделеевтің ұлылығы жекелеген элементтерді емес, олардың арасындағы жүйелік байланысты сезінуінде еді. Карно мен Менделеевтің бұл қасиеті – мистикалық болжам емес, ғылыми интуицияның жоғарғы формасы. Көзге көрінбейтін заңдылықты алдын ала сезіну, оны модель арқылы көрсету, жүйеге айналдыру – табиғаттағы ұлы ғылыми құпиялардың ашылу жолы.

Қазақстанда жасанды интеллект алғаш рет тұрмыстық деңгейде емес, нақты ғылыми есептерді шешу барысында модельдеу, көпөлшемді талдау, кері байланыс жүйелері арқылы қолданылды. Осы ғылыми интуиция дәстүрі XX ғасырда Қаныш Имантайұлы Сәтпаевта жалғасын тапты. Ол жер қойнауындағы жеке кен орындарын емес, тұтас геологиялық кеңістіктің ішкі логикасын көре білді. Табиғаттағы бейберекет көрінетін құбылыстардың артында жүйе, заңдылық, болашақ өнеркәсіптік стратегия жатқанын дәл сезді. Мұнда да интуиция кейін есепке, картаға, ұлттық деңгейдегі ғылыми бағдарламаға айналды. Ал бұл сабақтастық оның шәкірті академик Евней Арыстанұлы Бөкетовтің еңбектерінде жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Ол табиғат пен білімді жеке-жеке салалар ретінде емес, біртұтас, басқарылатын интеллектуалдық жүйе ретінде қарастырды. Бөкетов үшін ғылым тек жаңалық ашу емес, оны модельдеу, түсіндіру және адамзат игілігіне бағыттай білу еді. Леонардо да Винчи – Ломоносов – Менделеев – Сәтпаев – Бөкетов – қазіргі қазақстандық педагогикалық-инженерлік ой. Бұл жай ғана тарихи тұлғалар тізбегі емес. Бұл – ғылыми қасиеттердің сабақтастығы, жаңаша ойлау қабілетінің ұрпақтан-ұрпаққа берілуінің символы, көзге көрінбейтінді сезіну – оны модельдеу – оны басқарылатын жүйеге айналдыру эволюциясы.

Осы эволюцияның соңғы кезеңі бүгінде білім беру саласында нақты ғылыми-практикалық формаға ие болып отыр. Атап айтқанда, инженерлік педагогикалық парадигма мен педагогикалық жасанды интеллект ұғымдары Бөкетов қалыптастырған ғылыми мәдениеттің қазіргі дәуірдегі қисынды жалғасы ретінде жасанды интеллект заманына бейімделіп отыр. Бұл бағыттағы теориялық негіздеу мен практикалық іске асыру автор тарапынан жүзеге асып келеді. Дәл осы себепті аталған эволюция бүгінгі жасанды интеллект дәуірінде ерекше мәнге ие болуда және Қазақстан білімінің интеллектуалдық бетбұрысының философиялық іргетасын құрайды. Д.И.Менделеев секілді тау қойнауындағы таста жан барын, оның ішінде ашылмаған сыр жатқанын Қаныш Сәтпаев пен Евней Бөкетов те сезінді. Бұл – жай метафора емес, ғылыми түйсіктің көрінісі. Көзге көрінбейтін үдерістерді модель арқылы тану, оларды есепке салу, басқаруға ұмтылу – Бөкетов мектебінің басты белгісі. Кейін дәл осы тәсіл күрделі ғылыми есептерді шешуде, соның ішінде жасанды интеллект элементтерін қолдануда кеңінен көрініс тапты. Бұл – кездейсоқ құбылыс емес, Бөкетов қалыптастырған ғылыми мәдениеттің тікелей жалғасы. Яғни жасанды интеллект кездейсоқ пайда болған технология емес. Ол – адамзаттың осыған дейін жинақтаған ғылыми түйсігінің, жүйелік ойлауының, басқаруға ұмтылған интеллектінің табиғи жалғасы. Сондықтан жасанды интеллектті білімге тек цифрлық құрал ретінде енгізу – үлкен қателік. Ол ең алдымен педагогикалық ойлаудың инженерлік типіне көшуін талап етеді.

Инженерлік педагогикалық парадигманың өзегі – білімді дайын ақпарат ретінде емес, жобаланатын, алгоритмделетін, модельденетін, автоматты түрде басқарылатын интеллектуалдық жүйе ретінде қарастыру. Мұнда педагог – білім көзі емес, инженер-ойлаушы, ал білім беру – оқулықтағы дайын мазмұнды түсіндіру емес, интеллект қалыптастыру архитектурасы. Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық жасанды интеллект – болашақтың утопиясы емес, дәл бүгін пісіп-жетілген ғылыми қажеттілік пен мұқтаждық. Ол бұйрықпен де, сәндік ретінде де өмірге келмейді. Ол тек табиғи интеллект өзінің даму шегіне жетіп, жаңа көмекші интеллигентті қажет еткен кезде ғана қасыңнан табылады. Қазақстанның алдында тұрған тарихи мүмкіндік те осында. Егер біз жасанды интеллектті тек техника не құрал ретінде қабылдамай, оны Бөкетов қалыптастырған ғылыми мәдениет аясында, инженерлік педагогикалық парадигма арқылы іске асыра алсақ, онда бұл қадам Қазақстан білімін кезеңдік реформадан өркениеттік даму траекториясымен әлем орбитасына шығара алады.



> Бүгінгі әлемдік білім беру жүйесі жасанды емес, табиғи, заңды дағдарысқа ұшырады. Бұл дағдарыстың себебі – технологияда емес, білімнің мазмұны мен оны басқару тәсілінде. Онлайн платформалар, цифрлық құралдар, жасанды интеллект жүйелері қарқынды дамып жатыр, ал педагогикалық сана мен басқарушылық ойлау сол қарқынға ілесе алмай отыр. Нәтижесінде білімде форма көбейді, мазмұн әлсірей бастады. Қазақстан бұл үдерістен тыс емес

Бүгінгі әлемдік білім беру жүйесі жасанды емес, табиғи, заңды дағдарысқа ұшырады. Бұл дағдарыстың себебі – технологияда емес, білімнің мазмұны мен оны басқару тәсілінде. Онлайн платформалар, цифрлық құралдар, жасанды интеллект жүйелері қарқынды дамып жатыр, ал педагогикалық сана мен басқарушылық ойлау сол қарқынға ілесе алмай отыр. Нәтижесінде білімде форма көбейді, мазмұн әлсірей бастады. Қазақстан бұл дағдарыстың себебі – технологияда емес, білімнің мазмұны мен оны басқару тәсілінде. Онлайн платформалар, цифрлық құралдар, жасанды интеллект жүйелері қарқынды дамып жатыр, ал педагогикалық сана мен басқарушылық ойлау сол қарқынға ілесе алмай отыр. Нәтижесінде білімде форма көбейді, мазмұн әлсірей бастады. Қазақстан бұл үдерістен тыс емес болған стратегиялық тапсырманы ғылыми-педагогикалық тұрғыдан дұрыс форматта қайта іске қосу. Үзілген сабақтастықты қалпына келтіріп, Президент белгілеген үш жылдық мерзім аясында педагогикалық жасанды интеллектке негізделген бірыңғай ұлттық онлайн білім беру платформасын «под ключ» форматында толық іске қосуға нақты ғылыми база да, жинақталған тәжірибе де, пилоттық нәтижелер де жеткілікті. Бұл жерде балама жол жоқ. Бұл жеке жоба емес. Бұл – Қазақстан білімінің болашағын айқындайтын тарихи стратегиялық таңдау.

Жасанды интеллект білім беру кеңістігіне бұйрықпен де, сәндік элемент ретінде де енбейді. Оны тықпыштау немесе «жедел енгізу» басқару мәдениетіне де, интеллектуалдық эволюция заңына да қайшы. Мұндай тәсіл нәтиже бермейді, тек кезекті ұран ретінде қалады. ЖИ-дің білімге енуі – сыртқы техникалық әрекет емес, ішкі интеллектуалдық сұраныстың жемісі. Педагог өз кәсібін, пәнін, күнделікті жұмысын ЖИ арқылы жаңа деңгейге көтере алатынын сезінген сәтте, жасанды интеллект интернет, компьютер, смартфон сияқты табиғи түрде орныға бастайды. Осылайша Қазақстан біліміндегі шынайы интеллектуалдық бетбұрыс технологиядан емес, педагогтердің ЖИ құралдарымен жасайтын интеллектуалдық өнімдерінен басталады.

Евней Бөкетов – қазақ ғылымының осы желідегі алтын көпірі. Мақалада оның данышпандығы жаңа қырынан көрсетілді: Бөкетов – құбылыстың ішкі энергиясымен сөйлесе алған тұлға. Ол еккен «ғылыми дәннің» қалай пісіп жетіліп, ЖИ дәуірінде қайта гүлдеп жатқанын бүгін анық көруге болады. Евней Бөкетовтің рухани-ғылыми феномені бір маңызды шындықты еске салады: интеллект адамға сырттан құйылатын қасиет емес. Интеллекттік әлеуеттің бастапқы коды да, нейрондық мүмкіндігі де адамның миында табиғи түрде бар. Біреуінде ол ерте іске қосылады, біреуінде кейін оянады, кейде мүлде пайдаланылмай жатады, бірақ оның негізі бәрібір іште.

Ал жасанды интеллект қалай пайда болды? Қысқаша айтқанда, ЖИ – Норберт Винер бастаған, Алан Тьюринг тереңдеткен табиғи интеллектердің эволюциялық өнімі. Бұл тұлғалардың данышпандығы тек есептеу машинасын ойлап табуда емес. Олар адамзаттың бәрі Леонардо да Винчи, Ломоносов, Менделеев, Сәтпаев немесе Бөкетов деңгейінде туа бермейтінін анық түсінді. Демек, бір күні адамның өз интеллектін күшейтетін жасанды серіктес қажет болатынын олар алдын ала сезген. Бүгінгі жасанды интеллект дәуірі – осы алдын ала көрегендіктің нақты дәлелі. ЖИ – технологиялық мода емес, ол адамзаттың табиғи интеллектуалдық сұранысының логикалық жалғасы. Сол себепті ЖИ қазір әлемде құрал ретінде емес, өркениеттік қажеттілік ретінде орнығып келеді. Қазақстан үшін бұл сұранысқа жауап беретін іргелі негіз бар. Ол – инженерлік педагогикалық парадигма. Бұл парадигма ЖИ-ды тәрбиенің, оқытудың және ғылымның табиғи жалғасы ретінде қарастырып, оны педагогикалық практикамен жүйелі біріктіретін тұғырнама ұсынады. Сондықтан бұл парадигма – Қазақстан білімінің жаңа интеллектуалдық дәуірге қадам басатын негізгі көпірі.

Егізбай САҚПАНОВ,
академик, БҰҰ жанындағы ақпараттандыру академиясының мүшесі

№153 (4897) 27/12/2025 Сенбі

ШЫРША МЕРЕКЕСІНІҢ ШАТТЫҒЫ

Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында бүлдіршіндерге арналған дәстүрлі жаңа жылдық Президент шыршасы, одан кейін Астана қаласы әкімінің шыршасы өтті.



Оған елорда бойынша 600-ге жуық бала қатысты. Олардың қатарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған бүлдіршіндер, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары, сондай-ақ оқу озаттары бар.

Жаңа жылдық бағдарлама аясында балалар мен ата-аналар ауқымды интерактивті спектакльді тамашалады. Қойылым барысында бүлдіршіндер басты кейіпкер Азаматпен бірге «Болашақта кім болу керек және қандай адам болу керек?» деген маңызды сұрақтарға жауап іздеді.

Іс-шараның тәрбиелік маңызын атап өткен Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев мерекенің мазмұны «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында құрылғанын жеткізді.

– Шырша мерекесі «Адал азамат» бағдарламасы негізінде өтіп жатыр. Ол балалардың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне бағытталған. Қойылым жас ұрпақты адалдыққа, әділдікке, тазалыққа тәрбиелейді. Оқиғалар желісі арқылы балалар түрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды, «Заң мен тәртіп» қағидасын ұстануды үйренеді. Театр сахнасында бүлдіршіндер өздері жақсы көретін ертегі және мультфильм кейіпкерлері – Таусоғар, Ер Төстік және басқа да образдармен жүздесті, – деді ол.

Мерекелік іс-шараның негізгі бағыттары «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, «Таза Қазақстан» экология акциясы және «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылды. Сондай-ақ жаңа жылдық шыршада басты назар әр баланың мерекелік көңіл күйді сезінуіне аударылды. Спектакль барысында заманауи визуалды эффектілер, би қойылымдары және залмен белсенді интерактивті байланыс үйлесім тауып, ғажайып атмосфера қалыптасты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мерекеге келген әрбір бүлдіршіннің тілегі орындалып, шат-шадыман күй кешуі үшін барлық жағдай жасалып, соңында балаларға рюкзак, кітаптар және тәтті сыйлықтар табысталды.

«АДЫРНА» МЕРЕЙТОЙЫН АТАП ӨТТІ

Ұлттық музейде «Адырна» ұлттық порталының 15 жылдығына арналған «Азат рухтың алдаспандары» атты ұлттық музыка концерті өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Парламент депутаттары, мәдениет және өнер қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысқан іс-шарада алдымен сөз алған «Адырнаның» жетекшісі Арман Әубәкір порталдың жүріп өткен жолына тоқталды. Оның айтуынша, «Адырна» бастапқыда тарихи-этнографиялық бағытты негізге алса, кейінгі 5 жыл көлемінде ақпараттық, қоғамдық-саяси бағытқа бет бұрды. Осы кезде қанаты кеңге жайылып, тынысы ашылды, елге танылды. Бірақ портал ұлттық ұстанымынан айырылмады. «Адырнаның» негізгі миссиясы – қандай жағдай болса да, ұлттық құндылықтарға, еліміздің мәдениетіне, төл өнерімізге, руханиятқа қызмет ету.

Кеш барысында бір топ танымал азамат «Қазақ қыраны» медалімен марапатталды. Атап айтқанда, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлен Әбдік, белгілі жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова, Қазақстанның халық әртісі Айтқали Жайымов, жыршы-жырау, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматов, дәстүрлі әншілер, ұстаздар, Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Қапаш Құлышева мен Ғалым Мұхамедин, белгілі ақын, «Түркістан» газетінің бас редакторы Бауыржан Бабажанұлы, әнші, композитор Қанат Айтбаев марапатталды. Төлен Әбдік пен Роза Мұқанова порталдың мерейтойымен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. Алмас Алматов жырдан шашу шашты.

Аталмыш портал әртүрлі сала бойынша үздіктерді анықтау мақсатында әлеуметтік желілерде сауалнама жүргізген еді. Оларды да марапаттау рәсімі ұйымдастырылды. Кеш барысында ұлттық әуендер әуелеп, мың бұралған би ұсынылды. Соның ішінде Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрының әртістері, күйшілер Сәрсенғали Жүзбай, Қайрат Айтбаев, Ардаби Мәулет, әншілер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Ерлан Рысқали мен Ерболат Шалдыбеков, т. б. өнер көрсетті.

СПОРТТАҒЫ ҮЗДІКТЕР САЛТАНАТЫ

Елордада Туризм және спорт министрлігінің жыл сайынғы дәстүріне айналған «Үздік-2025» спорт сыйлығының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.



Салтанатты іс-шараға спорт саласының ардагерлері, Олимпиада жүлдегерлері, белгілі спорт қайраткерлері мен спорт журналистері қатысты. Марапатталғандардың бірі – Астана қаласының спортшысы, көркем гимнастикадан жасөспірімдер арасында тұңғыш әлем чемпионы Ақмарал Ерекешева «Жас және жасөспірімдер құрамындағы спортшы» аталымының жеңімпазы атанды. Сонымен қатар осы аталым бойынша фристайл-акробатикадан әлем чемпионы Дінмұхаммед Райымқұлов, ауыр атлетикадан әлем чемпионы Ксения Прозорова марапатталды. Бокстан 2 дүркін әлем чемпионы Алуа Балқыбекова «Жылдың үздік спортшысы» атанса, сондай-ақ осы аталымда грек-рим күресінен қазақстандықтар арасында 26 жылдан кейін әлем чемпионы атанған балуан Айдос Сұлтанғали, жеңіл атлетикадан Сурдлимпиада ойындарының чемпионы Фаина Мейірманова топ жарды. «Жылдың үздік жаттықтырушысы» – Долкунжан Камеков (Алуа Балқыбекованың жаттықтырушысы), Ғабиден Райымбек (Айдос Сұлтанғалидің жаттықтырушысы). «Спорттағы үздік серпін» – Дастан Сәтпаев («Қайрат» клубының ойыншысы). Сондай-ақ «Жылдың үздік аккредиттелген спорт федерациясы», «Үздік спорттық өңір», «Жылдың үздік спорт ұйымы», «Ауылдық жердегі үздік дене шынықтыру және спорттан нұсқаушы», «Аудандық үздік дене шынықтыру және спорт бөлімі», «Жылдың үздік ауыл жаттықтырушысы», «Дене шынықтыру және спорт саласындағы үздік маман», «Жылдың үздік балалар жаттықтырушысы», «Ауылдық жердегі үздік дене шынықтыру және спорт әдіскері», «Үздік спорт меценаты» анықталды. Сейдахмет Бердіқұлов атындағы аталымның жеңімпаздары – Азат Смағұлов (Qazsport телеарнасы), Қанат Байұзақов (Elordainfo.kz сайты), Әсел Әбілбек (BAQ.KZ сайты), Тұрар Қазанғап (Beles.kz сайты).

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 153

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ